

## ЖОЛДАУ–ДАМУДЫҢ ЖАҢАША ЖОЛЫ



2023 жылдың 1 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы жарияланған болатын. Президент жаңа Жолдауда еліміздің экономикалық даму-

ына басымдық беріп, оның ішінде инвестиция көлемін арттыру, мемлекеттік тапсырыс жүйесін ретке келтіру, корпоративті секторға несие беру мәселелерін шешу, сондай-ақ отандық аграрлық саланы дамытуды қолға алуға тапсырма берді.

Мұнайшылар  
мерекесі тойланды



10 лет ярких  
воспоминаний



## МАҢЫЗДЫ

«Халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өткім келеді. Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді – тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды».

\* \* \*

«Жайлы мектеп» жобасы аясында елімізде 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр».

\* \* \*

«Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Мен нақты іске асқан шаралардың бір бөлігін ғана атап өттім. Шын мәнінде, көп жұмыс атқарылды, болашақта да өз жалғасын табады».

\* \* \*

«Мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн».

\* \* \*

«Еліміздің туристік әлеуеті басқа мемлекеттермен салыстырғанда артта қалып келеді. Кемінде 15 ірі жобадан тұратын нақты тізім дайындалуға тиіс. Осы салада бұрын болған қателіктерді қайталауға болмайды. Оны іске асыруға шетел инвесторларын және еліміздің бизнес өкілдерін барынша тартқан жөн».

\* \* \*

«Өндірістік жарақат алудың жиілеуі өте өткір мәселе болып отыр. Үкімет 2030 жылға дейінгі қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын осы жылдың соңына дейін қабылдауға тиіс. Бұл құжат жұмыс орнындағы кәсіби сынқатерлердің алдын алуға және жоюға бағытталуы керек. Бұл бұрыннан талқыланып жүрген мәселе болатын, енді шешімі табылды. Оның мынадай өлшемдері бар. Жұмысшылардың осы саланы дамытуға сіңірген еңбегі және денсаулығына зиян келгені ескеріле отырып, оларға зейнет жасына толғанға дейін, атап айтқанда, 55 жастан бастап арнаулы әлеуметтік төлем төленеді. Парламенттен Үкіметтің ұсыныстарын жедел қарауды сұраймын. Азаматтар осы мәселе шешімін табады деп күтіп отыр».

\* \* \*

«Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет. Біз ел тағдыры үшін айрықша мән бар бірқатар жобаны жүзеге асыруымыз керек. Экономиканы әртараптандыру бұрынғыдан да маңызды міндетке айналуда».

\* \* \*

«Үкімет энергетикалық тиімділік саясатын түбегейлі қайта қарауға тиіс. Онда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттары ескерілуі керек. Энергетиканы тиімді пайдалануға және басқа да ресурстарды үнемдеуге қатысты нақты нормативтік талаптарды біртіндеп енгізу қажет. 2029 жылға

қарай энергияны тұтынуға және энергия шығынына байланысты негізгі көрсеткіштер кемінде 15 пайызға азаюға тиіс. Біз «жасыл» экономиканы дамыту мәселесімен мықтап айналысуымыз керек. Болашақта бүкіл әлем таза энергетикаға көшетіні сөзсіз».

\* \* \*

«Жұмысшылардың өндірісте мертігуі және қазаға ұшырауы көп болып кетті. Үкімет кәсіпорындардың технологиялық және экологиялық ахуалын, денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін батыл шаралар қабылдауы қажет. Сондықтан ірі өндіріс кәсіпорындары 5 жыл сайын технологиялық және экологиялық аудит жасауы керек. Бұл талап инфрақұрылым саласындағы кәсіпорындарға да қойылуға тиіс».

\* \* \*

«Біздің әскер жоғары технология қару және әскери техникамен, соның ішінде брондалған техника, ұшқышсыз аппараттар, заманауи атыс қаруларымен қамтылуы керек. Сонымен қатар техниканы жедел жөндеу бойынша өндірісті күшейтіп, отандық кәсіпорындарды нығайту керек».

# Жолдау–дамудың жаңаша жолы

«Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80%-ы тозып тұр. Жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет. Қазақстанның тауарларын шетелге таныту және шығару үшін тиісті шаралар қабылдаған жөн».

\* \* \*

«Елімізде өңдеуші кәсіпорындарды дамыту үшін шетелдік және отандық инвесторлар алдағы 3 жылда салық және өзге төлемдерден босатылады».

\* \* \*

«Инфрақұрылымның әбден тозуы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Алдағы 5 жылда кемінде 14 гигаваттық жаңа электр қуаты іске қосылады. Биыл Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің бірінші блогын қайта құру жұмыстары аяқталады. Бұрын ешқашан толық қуатын пайдаланып көрмеген станцияның 8 блогы түгел жұмыс істейтін болады. Қазір екінші ГРЭС-ті кеңейту жобасы жүзеге асырылып жатыр, үшінші ГРЭС-тің құрылысы басталады».

\* \* \*

«Елді газбен қамтамасыз ету де – өзекті мәселе. Тауарлы газдың ресурстық базасын кеңейту – Үкіметтің және ұлттық газ компаниясының басты міндеті. Жаңа газ өңдеу зауыттарының құрылысын тездету және қолданыстағы зауыттардың қуатын барынша пайдалану қажет. Еліміздегі Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ сияқты мұнай-газ алпауыттары газды қолжетімді бағамен ұсынуға тиіс».

\* \* \*

«Атом электр станциясын салу немесе салмау мәселесі – бұл еліміздің болашағына қатысты аса маңызды мәселе. Сондықтан оны жалпыұлттық

референдум арқылы шешкен жөн деп санаймын. Нақты мерзімін кейін анықтаймыз».

\* \* \*

«Қазақстанда Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылады. Су үнемдейтін технологияларды енгізу аса маңызды. 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін. Су шаруашылығы нысандарының 60%-ы тозып тұр. Олқылықтың орнын толтыру үшін өте шұғыл шаралар қажет».

\* \* \*

«Жалпы алғанда, Қазақстан Еуразия құрлығындағы басты транзит хабы ретіндегі рөлін арттыруы керек. Осылайша, уақыт өте келе көлік-логистика саласындағы ірі мемлекетке айналуымыз қажет. Көлік-логистика саласын қарқынды дамыту – бұл стратегиялық міндет. Үш жыл ішінде оның ішкі жалпы өнімдегі үлесі кемінде 9 пайызға жетуге тиіс. Ол үшін саланы тиімді басқару өте маңызды. Сондықтан Көлік министрлігін қайта құрған жөн. Бұл министрлік жол инфрақұрылымын салумен де айналысады».

«Air Astana» компаниясы халықтық IPO-ға шығарылады. «QazaqGaz» кәсіпорны да осы жұмысқа дайындалуы керек. Ірі компаниялардағы мемлекет активтері саудаға шығуға тиіс».

\* \* \*

«Капиталды қайтару туралы заң аясында құрылып жатқан қор «ұзақ мерзімге арналған қаражаттың» тағы бір көзі бола алады. Түскен қаржының бәрі елдік мәселелерді шешу үшін барынша тиімді және ашық жұмсалуға тиіс».

\* \* \*

«Тағы бір маңызды мәселе – қор нарығын дамыту. Қазір Қазақстанда екі қор биржасы бар. Олар жұмыс барысында көбіне бірін-бірі қайталайды, тіпті өзара бәсекеге түсіп жатады. Еліміздің қаржы жүйесі үшін бұл тым артық. Ішкі нарықтың көлемін және тартымдылығын арттыру үшін осы биржалардың әлеуетін біріктіріп, бір жерден басқару мәселесін қарастыру қажет».

\* \* \*

«Төлем жүйелерінің тұрақтылығын сақтау да өте өзекті мәселенің бірі болып отыр. Былтыр Ұлттық банк ұлттық төлем жүйесінің бірінші бөлігі – жылдам төлемдер жүйесін іске қосты. Қазіргі таңда бұл жүйе пилоттық режимде жұмыс істеп жатыр. Ұлттық банкке 2024 жылы Ұлттық төлем жүйесін толық енгізу жұмысын аяқтауды тапсырамын».

\* \* \*

«Мемлекеттің білім саласына қатысты жұмысында тұтастық, яғни жүйе жоқ. Тіпті, өзара байланыс жоқ деуге болады. Сондықтан, бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізуді тапсырамын. Бұл бағдарламада мемлекет тарапынан ұсынылатын бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуға тиіс. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады».

\* \* \*

«Мен Мемлекет басшысы ретінде кәсіпкерлерге қолдау қажеттігін айта келе, мемлекетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін. Жол, ғимарат, киім-кешек, азық-түлік, яғни барлығы балалар үшін қауіпсіз болуы керек. Сондай-ақ өскелең ұрпақтың психикалық саулығы – өте маңызды мәселе. Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонын ұйымдастырған жөн. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек».

\* \* \*

«2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы 85 мың теңге болады».

\* \* \*

«Аймақтағы атқарушы биліктің шешім қабылдау ісіне азаматтардың тікелей қатысу мүмкіндігін біртіндеп арттыру да маңызды. Ауыл, кент және ауылдық округ әкімдерін тұрғындар өздері сайлай бастағанына екі жылдан асты. Содан бері ауылдық деңгейдегі әкімдердің төрттен үші сайланды. Енді аудан және облыстық деңгейдегі қала әкімдерін сайлап көреміз».

\* \* \*

«Басты мақсат – активтерді басқару ісінің ашықтығын және тиімділігін барынша арттыру. «Самұрық-Қазына» қорының бейінді емес активтерінің бәрі жеке меншікке және халықтық IPO-ға өтуі керек. Үкімет бұл жұмысты 2024 жылдан бастап қолға алады. Келесі жылы



ДЕНЬ ЯЗЫКОВ

# Хорошая тенденция

5 сентября в Казахстане отмечали День языков. Смысл праздника – в уважении к культуре и языкам всех этносов, проживающих в нашей стране. В последние годы особое внимание со стороны общества уделяется популяризации казахского языка.

Все больше представителей разных этносов стараются изучить казахский язык и говорить на нем – хотя бы на начальном уровне. Языком казахов стараются овладеть и перебравшиеся в нашу страну релоканты, и обычные туристы, и иностранцы, а также граждане разных национальностей нашей страны, которые его пока не знают.

Курсы казахского организованы и на АНПЗ. И многие сотрудники не казахской национальности на заводе знают государственный язык.

Какие преимущества дает знание нескольких языков, нам рассказали сотрудники завода.

**Дмитрий ДИК, начальник РМЦ**

Казахский язык знаю практически с детства: родился и вырос я в поселке в Актюбинской области, где население большей частью казахской национальности. В детсаду и в школе моими друзьями преимущественно были казахи, поэтому дефицита в общении никогда не было. В детском возрасте неродной язык даётся легко, и мы порой сами не замечали, как переходили с русского на казахский и наоборот. В школе казахский язык я начал учить уже углубленно: читал литературу на казахском языке, ходил в разные кружки. В 7-м классе участвовал в предметной областной олимпиаде по казахскому языку среди школ с русским образованием и занял 1 место. Наградой стал отдых в детском лагере в Боровом.



Я всегда с уважением относился к казахской культуре и языку, мне не чужды обычаи и традиции казахов. И женат я на казашке, у нас двое детей. Старшая дочь казахский знает, младший ребенок пока просто еще ни на каком языке не говорит. Дома говорим на обоих языках. Я владею казахским процентов на 80, поэтому нам с супругой, которая знает язык в совершенстве, легко общаться на обоих языках. И тем не менее я стараюсь совершенствовать свои знания казахского постоянно. Дома мне в этом часто помогает супруга, на работе – мои коллеги.

Знание языка – это большое преимущество. До АНПЗ я работал в сфере

транспортных услуг, в промышленном строительстве. Часто приходилось ездить в командировки по разным городам Казахстана – большим и маленьким. Знание языка меня всегда выручало и в работе, и в обычной повседневной жизни. Был случай, когда в Жанаозене таксист, с которым я заговорил по-казахски, довез меня до места назначения совершенно бесплатно.

Уважать страны, в которой живешь, значит говорить на нем. А это – сплошные преимущества, отсутствие барьеров в общении. И что самое приятное – безграничное уважение казахов.

На мой взгляд, выучить казахский язык совершенно не сложно, главное – хотеть. Владения казахским языком с каждым годом становится больше, расширяется сфера применения казахского языка и в целом знание казахского языка превращается в имидж. В какой бы регион вы не приехали, вы найдете несколько представителей разных этносов, которые говорят по-казахски. И это здорово.

**Михаил ПЕЕВ, начальник службы пожарной, газовой безопасности, гражданской обороны и чрезвычайных ситуаций**

Я окончил русскую школу, учился в школе им. Ломоносова в п. Балыкши. Родители мои на казахском языке не говорили. Но мне повезло с «учителями», знающими, с правильным подходом – это мои друзья. Простые балыкшинские пацаны говорили между собой и со мной в том числе по-казахски. Я не терялся, не замыкался и не думал про то, что меня ущемляют, и в подростковом возрасте тоже начал говорить.



Граматику я не знаю, не владею литературной речью. Но мой уровень разговорного позволяет свободно беседовать на разные темы. Я хорошо понимаю казахский, легко запоминаю новые слова.

Мне комфортно во всех сферах жизни. Работа, быт, той, улица – неважно, я свободно перехожу с одного языка на другой.

Кроме меня в семье казахский знают старшая сестра и племянница.

Сегодня я твердо могу сказать, что статус казахского языка в обществе возрос. Если говорить более детально, я как представитель не коренной национальности, владеющий казахским языком, наблюдаю хорошую тенденцию, что все больше представителей разных этносов с удовольствием учат или уже свободно говорят по-казахски. Число говорящих на двух и более языках среди молодых людей растет, что не может не радовать.

МЕРЕКЕЛІК ШАРА

Қазақстанда қыркүйек айының алғашқы жексенбісі – Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің төл мерекесі. Атырау мұнай өңдеу зауыты жыл сайынғы дәстүр бойынша аталмыш мерекені тойлап келеді.

Биыл АМӨЗ мұнайшыларының кәсіби мерекесі табиғат аясында өтті. Таңмен таласа бас қосқан 400-ге жуық зауыттық мерекені «Бесікті» демалыс орнында атап өтті.

Мерекелік шара құттықтау тілектермен басталды. Кәсіпорын басшылары ұлттық экономиканың күретамыры саналатын мұнай-газ кешені саласының дамуына үлес қосқан қызметкерлердің еңбегін құрметтеп, кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Бұл мереке тұтас бір ұжымды бірлікке, сыйластық пен мейірімділікке баулиды десек артық айтқандық емес. Ұжым бір отбасындай мерекелік дастарханға жайғасты. Ұзақ уақыт көріспеген ардагерлер бір-бірлерімен қауышып, жастық шақтағы сәттерін еске алып, өзара әңгімелесіп жатты.

– Зауытта 20 жыл еңбек өттім. Сол жылдары жұмыстан тартынбай жөндеу жұмыстарымен айналысатынмын. Енді, міне, еңбегімздің жемісін татып келеміз. Зауыт қай кезде болмасын қажеттіліктеріміз үшін көмек беріп, жыл сайын осындай мерекелік жиыннан тыс қалдырмайды. Әріптестерімізбен қауышып, жақсы өңгіме-дүкен құрдық. Көп жас буынды ұмытып қалсақ та олар бізді танып, сыйластықтарын жоғары деңгейде танытуда. Осылай құрметтеп, сыйлықтарыңызды табыстап, мәртебемізді биіктеткендеріңіз үшін алыс білдіремін, – дейді ардагер Вагиз КИРГИЗБАЕВ.

Дала көгінде қызметкерлердің өзімен ертіп келген бүлдіршіндерінің балалық шағын шаттыққа толы өткізу үшін атсалысып жатқандығы баршаға үлгі болды.

# Мұнайшылар мерекесі тойланды

Зауыттықтар бишілермен ілесіп ән ырғағымен мың бұрала би билеп, сахнаның сәнін келтірді. «Әу демейтін қазақ жоқ» деп сахна төрінде зауыттың жастары да ән салып, баршаны өнерімен тәнті етті.

Біраздан соң шахмат және тоғыз құмалақ, сумобол, волейбол, футбол, эстафеталық ойындар бойынша сайыстар ұйымдастырылды. Спорттық

сайыстардан жеңімпаз атанған зауыттықтар ұжымның көңілінен шығып, түрлі сыйлықтарға ие болды.

Шара соңында жұмысбасты қызметкерлер қаланың үнемі үздіксіз қозғалысына, қауырт тірліктерден жырақта өткен тамаша демалыс үшін зауыт басшылығына алғыстарын білдірді.



ТАҒАЙЫНДАУ

«АМӨЗ» ЖШС Бас директорының 2023 жылғы 14 тамыздағы №529-к Бұйрығымен Жобалау-құрылыс орталығының басшысы болып **НҰҒМАНОВ Мұхамедияр Қадірәліұлы** тағайындалды. 2011 жылы Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы; 2016 жылы Атырау инженерлік-гуманитарлық институтын «Құрылыс» және «Мұнай-газ ісі» мамандықтары бойынша тәмамдаған.



«АМӨЗ» ЖШС Бас директорының 2023 жылғы 14 тамыздағы №530-к Бұйрығымен күрделі құрылыс бөлімі басшысының міндетін атқарушы болып **МУТИЕВ Алматы Биғалиұлы** тағайындалды. 2013 жылы Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы; 2016 жылы Сеги университетін (SEGI, Малайзия) Құрылыс және менеджмент мамандығы бойынша бітірген.



«АМӨЗ» ЖШС Бас директорының 2023 жылғы 5 қыркүйектегі №550-к Бұйрығымен бас энергетик бөлімінің бастығы – бас энергетик лауазымына – **ҚАМБАРБЕКОВ Қанатбек Жарқынбекұлы** тағайындалды. 2002 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін аяқтаған.



Коллектив ПИТН выражает глубокие соболезнования родным и близким в связи с кончиной **Кабдрахима Кистаубаева.**

Коллектив ПИТН выражает глубокие соболезнования оператору эстакады Абзалу Ескалиеву в связи кончиной **брата.**



ЗАВОД - ДЕТЯМ

# 10 лет ярких воспоминаний

**В этом году отмечается 10 лет сотрудничества между лагерем «Ак Булак» и АНПЗ**

Подходит к концу первый месяц нового учебного года, но дети заводчан все еще вспоминают летний отдых и уже строят планы на будущее лето.

В этом году за пять смен в уникальном детском оздоровительном лагере «Ак Булак» отдохнули 320 детей сотрудников завода.

А за 10 лет сотрудничества более 1 000 детей заводчан прочувствовали семейную атмосферу лагеря, нашли новых друзей и приобрели ценные навыки: Ак



Булак – это место, где каждый ребенок может найти себя и раскрыть свой потенциал. Программа лагеря разнообразна и динамична. Тематические дни не повторяются в течение 14 дней, это позволяет детям каждый день погружаться в новую атмосферу познавательных и развлекательных программ. Здесь они соревнуются в спортивных играх, участвуют в ролевых играх, творческих конкурсах, интеллектуальных викторинах. Всё это способствует развитию физической активности, лидерских навыков и расширению кругозора. Не менее важным аспектом лагеря являются походы и общение с природой. Дети учатся ценить природу и важность заботы о ней. А главное – время, проведенное на свежем воздухе, приносит огромную пользу для здоровья детей.

Помимо ежедневных занятий спортом, бассейна и оздоровительных походов, на протяжении всего лета проводятся уникальные спортивные лиги по футболу и волейболу. Помимо атырауских детей, в лиге участвуют ребята из Алматы, Астаны, Жанаозена, Актау, Павлодара и Кызылорды. Сохраняя победные традиции и спортивный дух АНПЗ, отряды юных

атыраусцев регулярно играют в Лигах. За захватывающими финалами игр с участием наших команд посредством онлайн-трансляций всегда наблюдают весь лагерь и родители.

Наибольшей ценностью лагеря является развитие Soft skills, именно возможность детей научиться работать в команде. В лагере они узнают, как важно работать в коллективе, доверять друг другу и принимать различные точки зрения. Эти навыки чрезвычайно важны в жизни и помогут детям стать сильными лидерами в будущем.

Именно благодаря этим причинам АНПЗ и его сотрудники уже 10 лет доверяют летний отдых своих детей оздоровительному лагерю «Ак Булак». И сами дети выбирают этот лагерь – большинство из них желают снова провести лето именно здесь. А в этом году восемь отдыхающих подростков прошли отбор и обучение в «Школе вожатых»: по достижении совершеннолетия они могут стать вожатыми-наставниками для своих земляков.

Директор детского оздоровительного

лагеря «Ак Булак» Ранвир Абдурашитов выражает благодарность руководству ТОО «АНПЗ» – генеральному директору Мурату Досмуратову, председателю профкома Галимжану Амантурлину, родителям ребят за доверие и многолетнее сотрудничество, которое продолжает приносить радость, оздоровление и вдохновение для будущих поколений.

**Амангуль НУРСУЛТАНОВА, специалист Отдела управления активами**



«НОВАТОР» басылымы №19.  
22 қыркүйек 2023 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:  
060001, Атырау қ.,  
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі, 1  
тел.: 8 (7122) 25-95-84

Газет «Полиграфсервис» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
Орал қ., Л. Толстова қ-сі, 27/6  
Байланыс нөмірі:  
50-51-46, 51-41-99  
Тиражы 1200 дана  
Тапсырыс №19

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ  
бастығы – Ш.Кажимжанова.  
MEDYAGROUP ЖК:  
жетекшісі – Д.Мұхамбетов  
Редакторлар – И.Козонова,  
А.Қабдешова.  
Суретке түсіруші - Б. Амантаев.

Газет  
Қазақстан Республикасының  
баспасөз және бұқаралық ақпарат  
министрлігінде 1992 жылғы  
27 мамырда тіркеліп,  
тіркеу туралы  
№790 күәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама  
материалдары мен  
хабарландырулар,  
құттықтаулар және көңіл айту  
мазмұнына жауап бермейді.

**НОВАТОР**